

Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне түсken мұлікті есепке алу және одан әрі пайдалану, соның ішінде сату ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 28 қыркүйек N 1467.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.07.26. N 833 қаулысымен. ~P020833

Қазақстан Республикасы аумағында жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне түсken мұлікті есепке алуудың және одан әрі пайдаланудың, соның ішінде сатудың бірыңғай ережесін белгілеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне түсken мұлікті есепке алу және одан әрі пайдалану, соның ішінде сату ережесі бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Тәркіленген, иесіз мұлікті, мұрагерлік құқық бойынша мемлекетке көшкен мұлікті, қазыналарды, сондай-ақ ломбардтар қабылдаған, бірақ иесі мерзімінде келіп алмаған қымбат металдар мен асыл тастардан жасалған бұйымдарды есепке алу, бағалау және өткізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 13 наурыздағы N 236 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1992 ж., N 11, 191-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 3 желтоқсандағы N 1216 қаулысының 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1993 ж., N 47, 573-құжат);

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 4 сәуірдегі N 322 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1994 ж., N 16, 158-құжат).

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары өздерінің бұрын

қабылданған нормативтік құқықтық кесімдерін осы қаулыға сәйкес келтірсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі осы қаулыны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын және оның орындалуын бақылауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап құшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 28 қыркүйектегі
N 1467 қаулысымен
бекітілген

Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне түсken мұлікті есепке алу және одан әрі пайдалану, соның ішінде сату Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже мемлекет меншігіне түсken мұлікті (бұдан әрі - Мұлік) есепке алу және одан әрі пайдалану, соның ішінде сату тәртібін мынадай негіздер бойынша белгілейді:

- 1) мемлекет кірісіне сот кесімдері негізінде тәркіленген (бұдан әрі - тәркіленген мұлік);
- 2) мемлекет кірісіне сот кесімі негізінде берілген заттай айғақтар (бұдан әрі - заттай айғақ);
- 3) белгіленген тәртіpte иесіз деп танылған (бұдан әрі - иесіз мұлік);
- 4) мемлекет меншігіне белгіленген тәртіpte тегін көшкен, соның ішінде "мемлекет пайдасына тауардан бас тарту" кеден режимінде ресімделген тауарлар және көлік құралдары;
- 5) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша көшкен, соның ішінде иесіз мұра (бұдан әрі - мұрагерлік мұлік);
- 6) көмбелер және (немесе) олжалар.

2. Мұлікті есепке алу

2. Мұлікті есепке алу салық органдарына жүктеледі, оларды қорғау жөнінде шара қолдануды заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жүзеге асырады.

3. Мұлікті есепке алудың толықтығы мен уақытылылығын қамтамасыз ету үшін салық органдарына мыналар мәліметтер береді:

- 1) мұрагерлік мүлкі бар-жоғы туралы өсietті орындаушы нотариустар;
- 2) заң кесімдеріне және/немесе сот кесімдеріне сәйкес коммуналдық

меншікке түскен Мұлік туралы жергілікті атқарушы органдар;

3) Мұліктің бар-жоғы туралы ақпараты бар өзге де мемлекеттік органдар.

4. Мұлікті салық органдарында есепке қою мынадай негіздерде жүзеге асырылады:

1) тиісті сот кесімдеріне (тәркіленген, иесіз мұлік және заттай айғақтар);

2) нотариус берген мұраға мемлекеттік құқығы туралы куәлік (мұрагерлік мұлік);

3) кедендік ресімдеу аяқталғаннан кейін "мемлекет пайдасына тауардан бас тарту" кеден режиміне сәйкес мәлімделген жүк кеден декларациясы ("мемлекет пайдасына тауардан бас тарту" кеден режимінде ресімделген тауарлар және көлік құралдары);

4) мемлекет меншігі құқығы туындағанын куәланышыратын өзге де құжаттар (өзге мұлік).

Мұлік салық органдарында, заңнамада көзделген өзге де жағдайларда есепке қойылады.

3. Мұлікті бағалау

5. Мұлікті бағалауды (қайта бағалауды) субъектілер заңнамада белгіленген тәртіппен жүргізеді.

6. Мемлекет меншігіне түскен жылжымайтын мұлікті осы Ереженің 1-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жылжымайтын мұлікті бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар субъект бағалайды.

Жылжымайтын мұлікті бағалау жөніндегі субъектіні тандауды, сондай-ақ оның қызмет көрсетуіне ақы төлеуді заңнамада белгіленген тәртіппен салық органы жүзеге асырады.

7. Осы Ереженің 1-тармағында көрсетілген, заңнамалық кесімдерде оларға арнайы бағалау тәртібі белгіленбеген мұліктің жекелеген түрлерін бағалау (қайта бағалау) үшін аймақтық салық органдарының бұйрығымен мұдделі мемлекеттік органдардың (салық органдарының, кеден органдарының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі сот қаулысын орындау жөніндегі комитетінің немесе басқа да мемлекеттік органдардың) кемінде үш өкілінен тұратын бағалау

жөніндегі комиссия құрылады.

Заңнамалық кесімдерге және/немесе сот кесімдеріне сәйкес коммуналдық меншікке түсken мұлікті бағалауды (қайта бағалауды) жүзеге асыру кезінде комиссия құрамына тиісті жергілікті атқарушы орган өкілдері енгізіледі.

8. Комиссия салық органы оны есепке алғаннан бастап 5 күндік мерзімде Мұлікті бағалауды (қайта бағалауды) жүзеге асырады.

9. Мұлікті (ақша мен төлем құжаттарынан басқа) бағалау (қайта бағалау) сапасын, тозуын және бағалау үшін мәні бар басқа да өлшемдерді ескеріп, нарық бағасы бойынша жүргізіледі.

Ақша және төлем құжаттары бастапқы бағасы бойынша бағаланады.

Бағалы металдар, асыл тастар және олардан жасалған бұйымдарға комиссия бағасы алдын ала жасалған болып табылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Касса операциялары мен құндылықтарды сақтау орталығында (филиал) тасымалдау (қайта жіберу) мақсатына арналып жүргізіледі.

10. Бағалау нәтижелері бойынша комиссияның барлық мүшесі қол қойған бағалау туралы кесім жасалады.

4. Мұлікті одан әрі пайдалану, соның ішінде сату

11. Көркем, тарихи, мұражай, нумизматикалық және өзге де құндылықтарға жататын, белгіленген тәртіpte тарих және мәдениет ескерткіштері деп танылған заттар мәдениет саласындағы орталық атқарушы органмен келісім бойынша жедел басқару құқығы бар мемлекеттік мәдениет мекемелеріне тегін беріледі.

12. Қымбат металлдар, асыл тастар және олардан жасалған бұйымдар үкімет (бюджеттік) резервіне кейін есептеу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Касса операциялары және құндылықтарды сақтау орталығына (филиал) тапсырылады.

13. Ақша Агент банкі* немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі филиалдарына беріледі, төлем құжаттары және қор құндылықтары (акциялардан басқа) мемлекеттік бюджет кірісіне кейін есептеу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарына беріледі. Ұлттық валюта Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша операция жасалған күнге есептеледі.

* Агент банкі - заңнамаға сәйкес айқындалған мемлекеттік мекемеге қызмет көрсетуді жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банк.

14. Осы Ереженің 11-13-тармақтарында көрсетілмеген, азаматтық айналымнан алынбаған және айналымда шектелмеген мұлік, егер заңнамалық

кесімдерде оны пайдаланудың арнайы тәртібі белгіленбеген болса, сатуға жатады, мұның өзінде:

1) шаруашылық серіктестіктерінің жарғылық капиталындағы акциялар мен үлестер жекешелендіру туралы заңнамада көзделген жағдайларда және тәртіпте сатылады;

2) заттай айғақтар, егер олардың сатылу тәртібін заңнамалық

кесімдерге сәйкес сот айқындамаса осы ережеде белгіленген тәртіпте сатылады;

3) өзге де Мұлікті салық органдары заңнамада көзделген тәртіппен аукциондарда, биржаларда, сондай-ақ сауда және өзге де мамандырылған ұйымдар (бұдан әрі - сауда ұйымы) арқылы сатады.

15. Салық органдары коммуналдық меншікке түсken Мұлікті сатуды жергілікті атқарушы органдармен келісім бойынша жүзеге асырады.

16. Мұлікті сату мына тәртіптерді сақтай отырып жүргізіледі:

1) ашық тауар биржалары арқылы заңнамада белгіленген олардың ең тәменгі партиясының болуы кезінде тауар биржалары арқылы сатылады;

2) сауда ұйымдары арқылы:

жарамдылық (сақталу) мерзімі шектелген азық-түлік тауарлары;

пайдаланылған өндірістік тауарлар (көлік құралдарынан басқа);

жекелеген даналары мемлекет меншігіне көшкен тауарлар сатылады (көлік құралдарынан басқа);

3) өзге де Мұлік аукционда сатылады.

17. Санитарлық-эпидемиялық сараптама пайдалануға жарамсыз деп таныған азық-түлік тауарларды заңнамаға сәйкес аумақтық салық органдары жанында құрылған комиссия жояды.

5. Қорытынды ережелер

18. Мұлік сатудан түсken қаражат заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекет бюджеті кірісіне толық көлемде аударылады.

19. Мұлікті есепке алу, бағалау, сақтау, салып жіберуге байланысты шығындар және сату жөніндегі өзге де шығындар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

20. Тарих және мәдениет ескерткіштеріне жататын заттарды (көмбе) тауып

алған және өткізген адамға, сондай-ақ мұндай көмбе табылған жер участекесін пайдаланушыға немесе жылжымайтын мүлік иесіне Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген сыйақы төлемін төлеуді заңнамада айқындалған тәртіпте республикалық бюджет қаражатынан уәкілетті мемлекеттік орган жүргізеді.

21. Мемлекет меншігіне түскен Мүлік негізіндегі сот кесімі күшін

жойған жағдайда (тиісті бөлікке өзгерістер енгізілген), салық органды мүлікті заттай қайтаруды жүргізеді. Ал, егер Мүлік сатылған жағдайда, заңнамада белгіленген тәртіппен уәкілетті мемлекеттік орган сатудан түскен қаражат шегінде оның құнын өтеуді жүргізеді.

22. Мүлікті есепке алу және одан әрі пайдалану жөніндегі лауазымды тұлғалардың іс-әрекетіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануы мүмкін.

Оқығандар:

Багарова Ж.А.
Қасымбеков Б.А.